# § 1. Мемлекет туралы негізгі түсініктер

**Мақсаты:** Осы тақырып бойынша мемлекет туралы негізгі түсініктер мен құбылыстар туралы қарастыра отыра, мемлекеттің пайда болуы мен мемлекеттік құрылыс нысанына және мемлекет пен қоғам арасындағы өзара қарым – қатынас ерекшеліктерін түсіндіріп, студенттерге Қазақстан мемлекеті бір тұтас, демократиялық, зайырлы, құқықтық, тәуелсіз мемлекет екендігіне сипаттама беру.

# Жоспары :

- *Мемлекеттің ұғымы және оның  мәні.*
  *Мемлекеттің нысандары,  функциялары механизмі.*
  ***Мемлекеттік орган анықтамасы мен түсінігі.***

# Мемлекет дегеніміз

Белгілі бір аумақ шеңберінде халықты өз ырқына көндіріп отыратын, бүкіл қоғам атынан ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыратын, барлық халыққа міндетті заңдар мен ереже-қағидаларды шығарып қабылдайтын, халықтан салық жинайтын ерекше құқылы саяси ұйым.

# Мемлекет пен құқықтың шығу себептері:

- Мал шаруашылығынан егіншіліктің бөлінуі;
- Еңбектің ірі қоғамдық бөлінісі;
- Алып – сатарлардың пайда болуы.

# Құқықтық мемлекеттің негізгі сипаттары:

- Заңның үстемдік етуі.
- Мемлекеттік биліктің бөлінуі.
- Тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығы.
- Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының шын мәнділігі, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалатындығы.
- Саяси және идеологиялық плюрализмнің болуы.
- Азаматтық қоғамның қалыптасуы.
- Ішкі заңдардың көпшілік таныған халықаралық құқықтық нормалар мен принциптеріне сәйкес келуі.

## Мемлекеттің және құқықтың пайда болуы туралы теориялар:

- **Теологиялық теория** – мемлекет пен құқық Алланың әмірімен қалыптасып, дамып келеді деп түсіндіреді.
- **Табиғи теория (органикалық)** - бұл теорияны жақтаушылар-дың пайымдауынша, мемлекетті, құқықты ешкім ойлап тапқан жоқ, олар адамның өзі сияқты табиғаттан бастау алып, әділеттілікке негізделген абсолюттік ұғымдар деп атайды.
- **Тарихи теория** – осы теорияны ұстанғандар мемлекет пен құқық тарихтан бастау алып, тарихпен бірге жетілді дейді.
- **Патриархалдық теория** - мемлекет адамдардың отбасы тәжрибесінен қалыптасқан азаматтардың саналы түрде өздерінің мүдде-мақсаттарын іске асыру үшін біріккен одақ деп түсіндіреді.
- **Материалистік теория** – мемлекет пен құқықтың пайда болуын экономикалық тұрғыдан түсіндіреді.

# Мемлекеттің нысаны

- Саяси режим
- Басқару нысаны
- Мемлекеттік құрылым нысаны

# Басқару нысаны

**М О Н А Р Х И я**

**Р Е С П У Л И К а**

**Оның жоғарғы, орталық және жергілікті органдарының құрылу жолдары, олардың қарым – қатынасының принциптері және оларды сайлаудың түрлері мен ерекшелік - тері жатады.**

**Монархияда жоғарғы билік бір адамның қолында болады және бұл билік мұрагерлікпен беріледі. Мысалы, оған жататындар Англия, Бельгия, Норвегия, Швеция, Жапония және Дания елдері.**

**Егер мемлекетте жоғарғы және төменгі органдардың бәрі сайлаумен белгілі мерзімге құрылатын болса, осындай мемлекеттік басқару нысаны Республика деп аталады. Республикалық басқаруда мемлекет басшысы сайланады.**

# МОНАРХИЯ

## ШЕКСІЗ

Монархтың билігін басқа мемлекеттік орган шектемейді, биліктің бәрі өз қолында. Мысалы: Египет, Жапония т.б жатады.

## ШЕКТЕЛГЕН

Монарх билігі басқа бір органмен немесе заңмен шектеледі. Мысалы: Үндістан жатады.

# РЕСПУБЛИКА

## Президенттік

Тікелей халық сайлайды  және президент мемлекет басшысы бола отырып үкіметті тағайындайды.

## Парламенттік

Мемлекет билігінің жоғарғы органдар жүйесі парламенттің басымдылық принципіне негізделген.

**Саяси режим дегеніміз** – мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру әдістерінің жиынтығы.

Саяси режимнің түрлері

- Демократиялық
- Антидемократиялық

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ- әртүрлі партия бірлестік, қозғалыстар, Конституция шеңберінен шықпай, еркін бостандықта қызмет атқарады.

ЛИБЕРАЛДЫҚ

ШЫН

АНТИДЕМОКРАТИЯЛЫҚ-Қоғамда жаппай қуғын - сүргін, заңсыздықтар орын алып, демократиялық құқықтар мен бостандықтар болмайды

Тоталитарлық – бір ғана саяси партия мемлекетте өз билігін жүргізеді.

Авторитарлық – мемлекетте нақты билеушінің шексіз билігімен көрінеді.

Фашистік – қоғамда жеке адамға табыну мемлекет тарапынан қамтамасыз етеді.

Мемлекеттің функциясының орындалуын қамтамасыз ететін – мемлекеттік аппарат пен органдар.



## Мемлекеттің ішкі қызметтеріне:

- экономикалық;
- әлеуметтік;
- қаржы реттеу;
- мәдениет бағытындағы;
- экологиялық;
- құқықтық тәртіпті реттеу жатады.

# Сыртқы қызметтеріне:

- шет мемлекеттермен екі жақты пайдалы қарым-қатынастарды дамыту;
- мемлекетаралық саяси ынтымақтастықты дамытып, жақсарту;
- мәдени және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты қалыптастыру;
- дүниежүзілік ғаламдық мәселелерді реттеп, іске асыру;
- мемлекеттің қорғанысын, қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және т. б. жатқызуға болады.

# Мемлекеттік органдар үш топқа бөлінеді:

1) Өкілді органдар;
2) Атқару органдар;
3) Сот немесе құқық қорғау органдары;

Парламент – заң шығару функциясын жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы.

Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі палатадан:

Сенат

Мәжіліс

# Бекіту сұрақтары ?

# Үйге тапсырма:

- Түсінгенін айту.
- Мемлекеттік билік органдары ?
- Мемлекеттік атқару органдары ?

# Назарларыңызға рахмет !!!